

Сабақтың тақырыбы:

Саяси режимдердің типтері

Оқу мақсаттары:

- 10.3.1.5 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып салыстыру;
- 10.3.1.6 тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысыдың ерекшеліктерін талдау.


Сабақтың мақсаттары:

- Саяси режимнің түрлерін түсіндіре алады;
- Саяси режидерді салыстырады;
- Ерекшелігін анықтайды.

Бағалау критерийі

- Деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтайды, салыстырыады. Тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін талдайды, бағалайды.

Ой қозғау



Саяси режим

- Саяси биліктің жүзеге ауысуының әдістері мен жолдарын қамтамасыз ететін әдістемелік жүйе. Саяси жүйе мемлекеттік билік пен жекетұлға арасндағы өзара байланысты білдіреді.

саяси режимдерді негізгі
түрлері

тоталитарлық

авторитарлық

демократиялық

Тоталитаризм

Тоталитаризм (лат. totalis – тұтастай, түгелдей) – деспотизмнің бір түрі. Тоталитаризм орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшыратылады. Тоталитаризмнің тарихи үлгілері КСРО-да Сталин, Қытайда Мао Цзэ-дун, Солтүстік Кореяда Ким Ир Сен режимі кезінде фашистік Италия мен Германияда орнады. "Тоталитаризм" терминін ғылымға енгізген

- қоғамның, жеке адамдардың өмірін деспоттық, авторитарлық — бюрократиялық мемлекеттің күшімен басқаратын қоғамдық-саяси құрылыс. Тоталитарлы саяси жүйе ең сорақы түрі — фашистік тәртіп;
- саяси ой-жүйедегі тоталитарлық тәртіпті атқарушы бағыт.

Авторитаризм

Атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент жойылмайды, дегенмен ол кеңесші органға айналады.

Тоталитарлықпен салыстырғанда авторитарлық тәртіпте бірыңғай идеология, көпшілік партия болмайды

Экономика қатал бақылауға алынбайды, күштеу әдістері азырақ қолданылады. Әдетте ол саяси процеске белсенді араласатын әскер күшіне сүйенеді.

Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың саяси құқықтары мен бостандықтары шектеледі, оппозицияға тыйым салынады.

Демократия дегеніміз не?

Демократия – сөзі (гр. *demos* – халық және гр. *kratos* – билік) деген сөздерінен шыққан, яғни “**халық билігі**” деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады:

- Мемлекет түрі.
- **Тендік**, сайлау, көпшілік дауыспен шешім қабылдау принциптеріне негізделген ұйымның ұйымдастырылу түрі.
- Қоғамдық құрылымның мұраты.

1 –тапсырма. Жеке жұмыс (жұптық)

- Әр оқушы өз таңдауы бойынша зерттеу жұмысын жүргізу.
- Саяси режим, тоталитарлық режим, авторитарлы режим, демократия.
- Дескриптор: таңдап алған режимді түсіндіреді, белгілері мен сипатын , талдайды.
- 3 -балл

2- тапсырма.

Сәйкестендіру.

Саяси режим түрі.	Сипаттамасы
Тоталитарлық	Орталықтанған билік құрылымы, халық биліктің қайнар көзі
Авторитарлық	Барлық халықты бір мақсатқа жұмылдыруды көздейді, мәжбүрлеу арқылы жүзеге асады
Демократия	Аралық құрылымдар, әскер партия мен үкіметтің бақылауында болады.

3-тапсырма. Жеке жұмыс.

- Саяси режимдерді мына белгілері бойынша салыстырып, кестені толтыру. Дескриптор: Саяси режимдерді салыстырады, ерекшеліктерін анықтайды және бағалайды.
- 6 –балл

Белгілері	Тоталитаризм	Авторитаризм	Демократия
Тұлғаның еркіндігі мен құқығының болуы және кепілі			
Мемлекеттік биліктің қалыптасуы мен ұйымдасуы принципі			
Идеология			
Партиялық жүйе			
Оппозицияның болуы			
Саяси биліктің жүзеге асу әдістері			

Кері байланыс:



Екі жұлдыз = екі ұнаған нәрсе (жұмыс туралы);



Бір тілек – жақсартуды қажет ететін нәрсе.